

Хромтау аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 ақпандағы № 321 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабының 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Хромтау аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Р.Исаев*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д.Молдашев*

Хромтау аудандық мәслихатының
2016 жылғы "18" ақпандағы
№321 шешіміне қосымша

Хромтау аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған актілерінің тізбесі:

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 152 " Хромтау ауданында әлеуметтік көмек көрсету және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3758 тіркелген, 2014 жылдың 30 қаңтарында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі;

2. Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 153 "Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде көрсетілетін әлеуметтік көмектің шекті мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3759 тіркелген, 2014 жылдың 30 қаңтарында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі;

3. Хромтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 ақпандағы № 162 "Атаулы күндер мен мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3822 тіркелген, 2014 жылдың 18 наурызында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі;

4. Хромтау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 309 " Хромтау ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешімі;

5. Хромтау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 2 қыркүйектегі № 282 " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4522 тіркелген, 2015 жылдың 24 қыркүйегінде аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі.